

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.
ГУМИЛЕВА**

**"ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ДАМУЫ: ШЫНДЫҒЫ МЕН БОЛАШАҒЫ"
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
"СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМОГО
КАЗАХСТАНА: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ"**



**9 желтоқсан, 2021
Нұр – Сұлтан**

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

T29

Редакция алқасы

МАЙДЫРОВА А.Б. - төрайым, э.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БАЙЖОЛОВА Р.А. - э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М. - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ТЛЕСОВА Э.Б. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БЕРЖАНОВА А.М. - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЖАНАБАЕВА Ж.К. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

АУЕЛБЕКОВА А.К. - э.ғ.к., доцент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ДОСМАҒАНБЕТОВ Н.С. - э.ғ.м., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

КАЗБЕКОВА З.К. - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

НҰРЛАНҰЛЫ А - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ISBN 978-601-337-610-3

T29 "Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы: шындығы мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 361 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции "Социально-экономическое развитие независимого Казахстана: реалии и перспективы". – Нур-Султан: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2021. – 361 с.

Works of the International scientific - practical conference "Socio-economic development of independent Kazakhstan: realities and prospects". - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021. – 361 p.

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

ISBN 978-601-337-610-3

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021

6. Impact of COVID-19 on the key economic sectors of Kazakhstan <https://assets.kpmg/content/dam/kpmg/kz/pdf/2021/05/Impact-of-COVID-19-on-the-key-economic-sectors-of-Kazakhstan.pdf>

7. Asian Development Bank to Provide \$1 Billion to Kazakhstan to Help Fight COVID-19 Pandemic <https://astanatimes.com/2020/06/asian-development-bank-to-provide-1-billion-to-kazakhstan-to-help-fight-covid-19-pandemic/>

8. Kazakhstan: Extend, Expand Covid-19 Aid <https://www.hrw.org/news/2020/08/17/kazakhstan-extend-expand-covid-19-aid>

9. IMF urges governments to borrow to fight impact of Covid-19 <https://www.theguardian.com/business/2020/oct/14/imf-urges-governments-to-borrow-to-fight-impact-of-covid-19>

10. Вопросы и ответы о коронавирусной инфекции COVID-19 // Официальный сайт Всемирной организации здравоохранения (<https://www.who.int/ru/emergencies/diseases/novel-coronavirus-2021/advice-for-public/q-a-coronaviruses>).

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ 2021 ЖЫЛҒЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Токтарбаев А.А.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

toktarbayev_aa@mail.ru


Ақмола облысы – ірі агроөнеркәсіптік аймақ және Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге зор үлес қосуда. 30 жыл ішінде бұл саладағы жалпы өнім көлемі 1991 жылғы 11,3 миллион теңгеден 672 млрд теңгеге дейін өсті. Суармалы жер көлемі 29,5 мың гектарға, тұқым егіс көлемі жалпы егіс алқабының 92%-ына дейін ұлғайтылды.

Кесте 1 - 2021 жылғы қаңтар-қазанда ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы, млн. теңге

	Ауыл шаруашылығы	одан:	
		өсімдік шаруашылығы өнімдері	мал шаруашылығы өнімдері
Қазақстан Республикасы	6 407 604,3	3 915 149,8	2 484 047,0
Ақмола	682 219,8	467 940,6	213 763,3
Ақтөбе	320 707,5	127 658,3	192 986,6
Алматы	902 717,1	525 427,1	375 674,2
Атырау	91 799,6	38 222,4	53 173,1
Батыс Қазақстан	188 908,2	70 050,3	118 346,4
Жамбыл	377 525,9	247 502,0	129 565,4
Қарағанды	421 222,4	208 440,4	212 388,2
Қостанай	553 304,2	391 021,9	161 640,4
Қызылора	150 806,3	102 475,7	47 265,5

Маңғыстау	16 100,1	3 325,1	12 707,5
Павлодар	326 372,1	191 770,1	134 550,0
Солтүстік Қазақстан	862 575,3	677 332,3	184 481,3
Түркістан	799 913,0	507 648,0	291 352,3
Шығыс Қазақстан	666 268,9	333 594,9	332 417,7
Нұр-Сұлтан қаласы	474,0	346,7	122,5
Алматы қаласы	7 753,5	6 977,8	514,7
Шымкент қаласы	38 936,2	15 416,0	23 098,0
Ескерту – [1] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған			

1 – кестеде көрсетілгендей Ақмола облысының үлесі еліміздің ауыл шаруашылығы саласында елеулі орын алады. 2021 жылдың 10 айының қорытындысы бойынша Алматы, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Шығыс Қазақстан, Ақмола және Қостанай облыстары алдыңғы орындарда екенін байқауға болады. Ақмола облысында өсімдік шаруашылығы бойынша өнім көлемі 468 млрд. теңгені, ал мал шаруашылығы өнімдері 213 млрд. теңгені құраған. Қазақстан бойынша өсімдік шаруашылығы бойынша ең үлкен өнім көлемі Солтүстік Қазақстан облысында, ал мал шаруашылығы бойынша Алматы облысында тіркелген.



Сурет 1 - 2021 жылғы қаңтар-қазанда ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы көлемінің өзгеруі

Ескерту – [1] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған

2021 жылғы қаңтар-қазанда тұтастай республика бойынша ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы 6 432,0 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылғы тиісті кезеңінің деңгейінен 2,3%-ға төмен.

2021 жылғы қаңтар-қазанда ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемінің азаюы өсімдік шаруашылығы өнімдері өндірісінің 6,1%-ға кемуімен түсіндіріледі.

Өсімдік шаруашылығында елдің бірқатар облыстарында ағымдағы жылдың ауа райының қолайсыздығынан дәнді дақылдардың жалпы түсімін жинаудың төмендеуі белгіленді. Дәнді дақылдар өндірісінің негізгі төмендеуі Қостанай облысында 29,2%-ға, Ақмола – 23,8%-ға, Солтүстік Қазақстан – 19,6%-ға байқалады.

Ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, биылғы жылдың күрделі климаттық жағдайларына қарамастан, дәнді және бұршақ дақылдарынан жақсы өнім алынды – 4,5 миллион гектар алқаптан 4 миллион тонна, орташа өнімділігі гектарына 8,8 центнерді құрады. Айта кетерлігі, жалпы өнімдегі өндірілген астықтың үлкен үлесі Сандықтау, Астрахань, Егіндікөл, Есіл, Жақсы, Жарқайың аудандарына тиесілі.

Облыста мал шаруашылығы қарқынды дамып келеді. 2021 жылдың тоғыз айында ақмолалық мал шаруашылығы өнімдерінің көлемі 12,6 пайызға артқан, бұл республикадағы ең жақсы көрсеткіш.

Соның нәтижесінде мал шаруашылығы өнімдерін өндеудің тұрақты өсімі қамтамасыз етілді. Тоғыз айдың қорытындысы бойынша 61 мың тонна ет, 80 мың тонна сүт өнімдері өндірілді.

Бүгінгі таңда Ақмола облысының ет өндірудің республикалық көлеміндегі үлесі орта есеппен 12%, сүт – 6,5%, жұмыртқа – 16,5% құрайды, бұл ретте ішкі облыстық қажеттіліктерді ғана емес, сонымен қатар елорданы да қамтамасыз етеді. Осы жылы сиыр етін өндіру үшін 5,3 мың бас ірі қара мал сатып алып, 102 етті бағыттағы ферма құрылды. Алдағы бес жылда кезең-кезеңімен тағы 700 шаруа қожалығын құру жоспарлануда.

Сүт өңдейтін кәсіпорындарды шикізатпен қамтамасыз ету үшін жалпы сиыр басы 13 мың болатын 60 мамандандырылған сүт фермасы жұмыс істейді. Құс ет шаруашылығын дамыту мақсатында 2018 жылы Макинск құс фабрикасы іске қосылды. 2020 жылы қуаттылығын жылына 56 мың тоннаға дейін ұлғайту бойынша екінші кезең іске қосылғаннан кейін құс фабрикасы тауық етін өндіру бойынша Орталық Азиядағы ірі кәсіпорынға айналды, ол Қазақстанның ішкі нарық қажеттілігінің 22 пайызын қамтамасыз етеді. 2023 жылы үшінші кезеңнің іске қосылуы құс етін өндіру көлемін 100 мың тоннаға дейін ұлғайтады, бұл осы өнімнің импорт үлесін айтарлықтай қысқартады.

Нұр-Сұлтан қаласының айналасында азық-түлік белдеуін құру өңірді дамытудың стратегиялық басымдықтарының бірі болып табылатынын атап өту қажет. Ол елорданы сүт, ет өнімдерінің, көкөністердің үштен бірінен астамын қамтамасыз етеді, жұмыртқа және картоппен толықтай дерлік қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ұлттық статистика бюросы: <https://stat.gov.kz/>
2. Ақмола облысының әкімдігі:
<https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola>

МОДЕЛЬ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РОСТА В УСЛОВИЯХ ПОСТКРИЗИСНОГО РАЗВИТИЯ ОБЩЕСТВА КАЗАХСТАНА

Ускеленова А.Т.

Алматинский Технологический Университет

Казахстан, г. Алматы

assol_74_leo@mail.ru

Экономические кризисы 2000-х годов показали неспособность экономистов предотвратить финансовый кризис и его последствия. Основная задача макроэкономистов состоит в предупреждении или ослаблении последствий экономических кризисов. Восстановление мировой экономики обеспечит повышенный спрос на энергоносители, так что страны-экспортеры энергоресурсов, такие как Азербайджан, Казахстан и Узбекистан – будут сохранять высокие показатели активности. В странах СНГ, не добывающих нефть и газ, экономический рост будет поддерживаться за счет увеличения объемов денежных переводов и экспортных поступлений. Одним из главных рисков для региона Европы и Центральной Азии в ближайшем будущем, по словам аналитиков, может стать снижение темпов роста в России. Это способно подорвать ситуацию в тех странах СНГ (Армения, Киргизия, Таджикистан, Узбекистан, Молдова), которые напрямую зависят от России в части денежных переводов, инвестиций и спроса на импорт [1].

В настоящее время определены вызовы национальной экономики Казахстана глобальной реальности:

во-первых, нынешний глобальный кризис имеет всеохватывающий характер. Нестабильны практически все мировые рынки – финансовый, углеводородный, металлов, продовольствия и другие. Это основная причина снижения спроса на нашу экспортную продукцию;

во-вторых, замедление экономического роста происходит во всех экономиках мира. Уже никого не удивляет постоянное снижение прогнозов по росту глобального ВВП. С осени 2011 года Международный валютный фонд несколько раз пересматривал прогнозные показатели;

в-третьих, нефтяных супердоходов сегодня нет;

в-четвертых, глобальная экономика испытывает давление политических факторов, в частности мир стал нестабильным, ведущие державы ввели санкции друг против друга. Нестабильность и конфликты в регионе Ближнего и Среднего Востока, Северной и Центральной Африки привели к масштабным потокам